



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

УДК 372.8

XXI ҒАСЫР – БҰЛ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ДӘУІРІ

Акишева Балайым Жансеитовна
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші
E–mail: akisheva–1967@mail.ru
Айнабекова Акмарал Сабитовна
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші
E–mail: Saken_a76@mail.ru
М.Горький атындағы гимназиясы
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселе бойынша оқушыларға ақпараттық – коммуникациялық технологияларды сабақта міндетті түрде қолдану тиімділігі артып отыр.

Түйінді сөздер: *жеке тұлға, заман талабы, бәсекеге қабілетті.*

Аннотация

Главной целью современного образования является формирование всесторонне развитой, духовно богатой личности. Именно поэтому при совершенствовании учебного процесса в соответствии современными требованиями повышается эффективность обязательного использования информационно – коммуникационных технологий учащимися на занятиях по вопросу формирования личностей в соответствии с потребностями общества.

Ключевые слова: *индивидуальная личность, требования времени, конкурентноспособный*

Abstract

The main goal of modern education is the formation of a comprehensively developed, spiritually rich personality. That is why, with the improvement of the educational process in accordance with modern requirements, the effectiveness of the mandatory use of information and communication technologies by students in the classroom on the formation of personalities in accordance with the needs of society increases.

Key words: *individual personality, time requirements, competitiveness.*

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден – бір кепіл. Олай болса, білім берудің ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысын ескерсек, қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Ақпараттық білімнің орта мен адамның өзара қарым – қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. [1]

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген жасөспірім қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет.

Осыған байланысты мөлiмет алмасуына, қарым – қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңiнен қолданысқа енiп жылда дамып келе жатқан кезеңiнде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажеттi шартқа айналып отыр. Келешек қоғам жастардың бойына ақпараттық мәдениетiн қалыптастыру қажет. Осы мақсатты орындау барысында мұғалiмдердiң ақпараттық мәдениетiн қалыптастыруда жаңа әдiстердi қолдану қажеттiлiгi туындап отыр.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселе бойынша оқушыларға ақпараттық – коммуникациялық технологияларды сабақта міндетті түрде қолдану тиімділігі артып отыр.

Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың және сабақта пайдалану жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар.

2. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және Online сабақтар.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолдану келесі нәтижеге жеткізеді:

1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді.

2. Тіл байлығын дамытады.

3. Өз ойын жеткізуге, жан – жақты ізденуге үйретеді.

4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады. [2]

«Бар ізгілік тек білімнен алынар, білімменен тек аспанға жол салынар» деген Махмуд Қашғари сөздері біздің өмірлік қағидамыз. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім үздіксіз білімін көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. [3]

Былыр Online режимінде сабақтарды өткіздік. Сондықтан әрбір ұстаз күнделікті сабағына өмірталабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдаланды. Қолданбалы бағдарламалар: WordPad – мәтіндік редактор, MS Word – құжаттарды әзірлеу, MS Excel – электрондық кесте құжаттары, Power Paint – презентация жасау, Google forms – тесттер орындау, нәтижесін білут.б. мектепте пайдалану тиімді болды. Жаңа инновациялық технологиялардың ішінде АСТIVboard интерактивті тақта болып табылады. Интерактивті – біреумен сұхбаттасуға, әңгіме кезінде әрекет жасауға қабілеттілікті білдіреді. Осы платформалароқуға деген қызығушылығын арттырады. Ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі. Уақытты үнемдейді. Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Осы ақпараттық – коммуникациялық технологиялар жүзеге асыру үшін мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Оқытушы білім алушымен білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Оқушы жеке, топпен жұмыс жасайды.

3. Оқытушы сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігін ашады. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқыту әдістемесіне ғаламтор жүйесін қосу сапалы білімінің қайнар көзі болар еді. Ғаламтор жүйесі арқылы оқыту білім алушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкіндік етеді, танымдылық қызметін арттырады, оқушыларға білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдылық іс–әрекеттерін қалыптастыратын мұғалім екенібәріне мәлім. Оқытудың бұл жүйелерінде оқытушы тек басшылық жасап ұйымдастырады, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытушы жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологияларын әр сабағында қолдануы мектепте қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технология негізінде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді оқушыны даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды даму жан – жақты жаңа технологияны меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Білім – болашақ бағдарытандаған мамандыққа даярлайтын мектептің басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет білім алушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс – әрекетіне қажетті білім дайындығына әулеметтік тапсырыс. [4]

Құзіреттілік – білім алушының әрекет тәсілдерін жан – жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан – жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға болмайды. Оқунәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілетті болып табылатын жаңа сапа.

Қазіргі заман талабына сайадамдардың мәлімет алмасуына, қарым – қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылдан дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыға ақпараттық негіздерін беру, логикалық ойлау – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. [5]

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құралдарын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық – коммуникативтік технология жағдайында жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудағы ақпараттық – коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

- 1) Электрондық оқулықтар;
- 2) Телекоммуникациялық технологиялар;

- 3) Мультимедиялық технологиялар;
- 4) Қашықтықтан оқыту;

Ақпараттық – коммуникативтік технологияны оқу – тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу – әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web – сайттар, Instagram, TikTok ашу.
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану.
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау.
- Қашықтықтан оқыту барысында өздігінен қосымша білі алууды қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта қолайсыз ауа райына байланысты сабақтары қашықтықтан оқыту үлкен мүмкіндік береді немесе баланың денсаулығына байланысты сабаққа келе алмаса қашықтық арқылы білім алуға өте ыңғайлы. [6]

Оқыту құралдарының біріне тоқталсақ – электронды оқулық. Сабақта QR код арқылы тыңда-лым, айтылым, оқылым, жазылым төрт тілдік дағдысы қалыптасады. Ол білім алушыларды даралай жеке оқытуда жаңа мәліметтерді жеткізуге, сонда-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншіден – қазақ тілі мен әдебиет пәнінен білім алады, екіден – компьютерлік білім алады. Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушы өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген өзіне керекті материалды алады, таңдап алған мәліметтерді компьютерден көріп есіне сақтай алады, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылай жас ұрпақты оқыту инновацияны пайдалану – шығармашылық жетістіктердің негізгі көзі. [7]

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен бірге ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Электронды оқулықтардың тиімді жағы әр сабақта бейне фильмдерді көруге болады, сөздікті ашып қолдануға ыңғайлы, диктант жазуға, тест тапсырмалар жасап Google forms арқылы тексеруге, нәтиже сабақтарында пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдануға тиімді. Оқушының тілге деген қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыру, білімінің тереңдігін, тексеру түрлері, бағалауда кері байланыс жасау, практикалық дағдыларды игеруге артады. Оқушылар өздері де тапқан ақпаратты көшіріп, өз ыңғайына қарап жұмыс істейді.

Заманауи білім беру машықтануына инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесінде Kahoot ғаламтор қосымшасы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл платформ-мада мұғалімге лексикалық және грамматикалық білімді ерекше түрде бағалауға мүмкіндік береді. Kahoot бағдарламасын қолданылған оқушылар сабаққа көбірек зейін қойып белсенді қатысады. Smart – servesKahoot қашықтықтан оқу кезінде бағалау мен талдаудың өте тиімді әдісі.

Қорыта келсек, мұғалім жоғары нәтижеге жету үшін оқушылар білімді болу ғана емес, білімді өз бетімен алуға, алған білімдерін өмірде қолдана білу. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі жаңа өлем. Қазіргі заманда ақпараттар ағымы көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр мұғалім өз ойын жеткізе алатындай коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивті тақтаны қолдана алатын, қашықтықта жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт – бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылар жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынасқа бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай елу дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндет жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсебай Г. Білім алудың тамыры ащы, кемісі тәтті. Өскен өңір, 2018 ж, №9, 1 б. <https://osken-onir.kz/kogam/5736-blm-aludy-tamyry-aschy-zhems-ttt.html>
2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖСШ «Дайыр-Баспа», 2010 ж. <http://edunews.kz/sciense/1542-blm-berudeg-aparatty-tehnologiyalandyrudy-zektlg.html>
3. Үсенова Н. Білім туралы нақыл сөздер. 2020 ж, №2, 2 б. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/52994/
4. Кызырханова Г.Т. Білім берудегі ақпараттық технологияландырудың өзектілігі. «Дайыр-Баспа», 2022 ж., №4, 1 б. <https://melimde.com/bilim-berudegi-aparatty-tehnologiyalandirudi-ozektiligi-tleumb.html?page=3>
5. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2010–2020 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>
6. Байтилеуова Г. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Қазақстан мектебі, 2008 ж., №6, 34 б. <https://www.stud24.ru/pedagogy/aparatty-tehnologiyalar/436846-1642029-page5.html>
7. Жаримбетова Г.Т. Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері. Мектептегі технология, 2008 ж., №9, 34 б. <https://www.stud24.ru/pedagogy/aparatty-tehnologiyalar/436846-1642029-page5.html>